

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Сәлія Г.К.Сағпазова

Жолда жүру ережелері

Тақырыптық ұйымдастырылған іс- әрекет

Тақырыбы: «Біздің қала және оның көліктері»

Өткізген: №3 ересек «Ботақан» тобының тәрбиешісі Ү.Әбішаева

2022/2023 оқу жылы

Мақсаты: Балаларға көшедегі жол қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру, көшедегі жол жүру ережелерімен таныстырып, жол тәртібі туралы білімдерін кеңейту, адам өміріне қауіп төндіретін әрекеттердің алдын алып, болдырмауға үйрету.

Тақырыптық іс-әрекеттің барысы: Жолда жүру ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Қай көше, қалаға барсаңыз да,

Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да,

Жолда жүру ережесі – заңды тәртіп,

Ол – ортақ, үлкен-кіші баршамызға,

Басталар әр қадамың аттауменен,

Жолда жүру ережесін сақтауменен!

- жолда жүру ережелеріне арналған «Жолда сақ бол, балақай!» атты тақырыптық іс-әрекетке қош келдіңіздер!

Тәрбиеші: - Балалар, сендер балабақшаға немен келесіңдер?

Балалар: - көлікпен, жаяу.

- Ал қандай көлік түрлерін білесіңдер?

- Автобус, жеңіл көлік

- Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге апатты жағдайға түспеу үшін не көмектеседі?

Балалар: Бағдаршам

- Біздің қаламызда бағдаршам бар ма?

- Иә.

- Ал, осы бағдаршам не үшін қажет?

- Жолдан өту үшін, көше тәртібін реттеу үшін қажет.

- Бағдаршамның неше көзі бар?

- Үш көзі бар. Қызыл, сары, жасыл.

- Бұл көзі нені білдіреді? - Қызыл түсті. "Токта!" - деген белгіні білдіреді.

- Бағдаршамның ортасындағы көзінің түсі қандай? Бұл нені білдіреді?

- Сары түсті. "Тұра тұр! Қызыл немесе жасыл көзі жанғанша күт!" - деген белгі.

- Ал бағдаршамның төменгі жағында қандай көзі бар? Бұл нені білдіреді?

- Жасыл түсті. Жүруге рұқсат! - деген белгіні білдіреді.

- Көше қиылысында бағдаршам болмаған жағдайда не істеуге болады? - Бағдаршамнан басқа не көмектеседі?

- Мұндай жағдайда жаяу адамдарға «жолақ белгі» (зебра) көмектеседі.

Тәрбиеші: - Балалар, тақтадан кімді көріп тұрсындар?

- Жол полициясы тұр.

- Дұрыс айтасындар, жол полициясы не істеп тұр?

- Жол тәртібін бақылап тұр.

- Балалар, жол полициясы бізге не үшін қажет?

- Дұрыс айтасындар, жол тәртібін бұзатын адамдар мен жүргізушілерді тәртіпке салу үшін қажет.

Тәрбиеші: - Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық.

- Тәртіп сақтап көшеде (қолдарын жоғары көтереді),
- Күні бойы тұрады (қолдарымен серт береді).
- Тәртіп бұзсаң көшеде (саусақтарымен сес көрсетеді),
- Қасыңа кеп тұрады (қолдарын көкірек тұсына қояды).
- Жарайсыңдар, балалар.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Ал, кім айтады, жол белгісі неше түрден тұрады?

Балалар: Үш түрден тұрады.

Тыйым салу белгісі, ескерту белгісі, нұсқау белгісі.

Ойын: Жол белгілерін тап.

Ойын шарты: Балалар музыка әуенмен жүріп тәрбиеші бір белгіні айтқанда соны табу керек.

Тәрбиеші: - Балалар, тақтадан не көріп тұрсыңдар?

- Балалар жолдан өтіп бара жатыр, солай ма?
- Балалар жолдан дұрыс өтіп бара жатыр ма?
- Балалар, жолдағы балалардың әрекеті дұрыс па?
- Дұрыс айтасыңдар, балалар! Көшеде жаяу жүргіншілер жолымен ғана өту керек.

- Балалар, мына суретке қарайықшы?

- Жаяу жүргіншілер жолында қыз бен бала қалай өтіп бара жатыр?

- Алдымен жан-жақтарына мұқият қарап, дұрыс өтіп бара жатыр.

- Жаяу жүргіншілер жолымен жүргенде үлкендер жол жақ бөлігінде жүруі керек. Бала жол шетінен алыстау жүреді. Балалар мектепке барар жолда доппен немесе басқа да қимылды ойындар ойнап, өздеріне қауіп төндірмеуі тиіс.

Тәрбиеші: - Балалар, қазір бәріміз тақтаға қарай отырып, жол үстінде қандай әрекеттерге бармау керектігі туралы білетін боламыз.

- Жаяу жүргінші жолында әрі-бері жүріп алуға болмайды

- Көлік жүретін жолда доп ойнауға болмайды

- Жаяу жүргіншілер жолынан өткенде планшет ойнауға болмайды

- Жаяу жүргіншілер белгісі жоқ жермен жүруге болмайды

- Көлік жүретін жолдан жүгіріп өтуге болмайды

Балалар көрсетілген суреттер бойынша өз ойларын ортаға салады. Тәрбиеші балаларға жол үстінде жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау керектігін айтады. Тәрбиеші тағы да жол қауіпсіздігі ережелері бойынша балаларға сұрақ қойып, білімдерін нақтылайды.

Тәрбиеші: Ең бастысы, балалар көшеге шыққан кезде әр жерде тұратын жол белгілеріне назар аудару керек.

Жол белгілерімен балалар ортаға шығып, түсіндіріп өтеді.

Ойын: 1) Жол белгілеріне ұқсас пішіндерді тап

2) Көлеңкесін тап

3) Суреттегі белгіні қосу

Ойын шарты: Балаларды үш топқа бөліп берілген тапсырмаларды орындау.

Тәрбиеші: - Балалар, бүгін тақырыптық іс-әрекетте не туралы білдік?

- Жолдан өтуге бізге не көмектеседі?

- Бағдаршамның неше көзі бар?

- Жолдан жалғыз өтуге бола ма?
- Жолдан өткенде қасымызда кім болу керек?
- Көлік жүретін жолдың бойында ойнауға болады ма?
- Көшедегі қауіпсіздік ережесін реттейтін кі
- Жарайсындар, балалар, бүгінгі белсенділіктерің маған қатты ұнады.
- Балалар, бүгінгі «Жолда сақ бол, балақай!» атты тақырыптық іс-әрекетіміз аяқталды. Деніміз сау, еліміз тыныш, жол тәртібін сақтап, аман-есен жүрейік.



